



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

қарай мектептерді бағыттайды. Мысалы Маңғыстау өңірінде мұнай өндірілгендіктен аталмыш мектеп жаратылыстану пәндерінен терең білім береді.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1) Ш.М.Аманқұлова, Л.А.Бердіғалиева, А.С.Мағзұмова. Қазақстан тарихы. 8 сыныптарға арналған оқулық. 2019. Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалды?. URL: <https://textbooks.nis.edu.kz/>
- 2) Ибрай Алтынсарин // Ибрай Алтынсарин Портал «История Казахстана» – всё о Казахстане. URL: <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12626> (дата обращения: 23.01.2023)
- 3) Ыбырай Алтынсарин. Өмірбаяны. URL: [https://ibraj.allib.kz/?page\\_id=247&lang=kk](https://ibraj.allib.kz/?page_id=247&lang=kk) (дата обращения: 25.01.2023)
- 4) Ибрай Алтынсарин – просветитель казахского народа // Ибрай Алтынсарин – просветитель казахского народа – Портал «История Казахстана» – всё о Казахстане. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/3950> (дата обращения: 25.01.2023)
- 5) Аян Өден. Спандияр Көбеев ұстаздық жолы. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/28497> (дата обращения: 28.01.2023)
- 6) Ж.Исакаев. Спандияр Көбеев шығармашылығы және өмірі. (2015). URL: [https://massaget.kz/okushyilarga/uy\\_tapsyirmasyi/26748/](https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/26748/) (дата обращения: 29.01.2023)
- 7) Педагогические идеи И.Алтынсарина в современном образовании. URL: <http://collegiy.ucoz.ru/publ/11-1-0-25041> (дата обращения: 29.01.2023)

ӘОЖ 37.013

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ ҚАЛДЫРҒАН АСЫЛ МҰРАСЫ

*Кушмурзина Даметкен Хажмухановна  
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі  
Ә.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институті  
А Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E – mail: dametken1201@mail.ru*

#### Аңдатпа

*Бұл мақалада Ы.Алтынсариннің қазақ балалар әдебиетіне қосқан үлесі және болашақ ұрпақтың ақыл – ойы мен жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік, эстетикалық еңбек дағдылары мен қасиетін тәрбиелеудің негізі қарастырылады.*

*Түйінді сөздер: балалар әдебиеті, тәрбие, білім, адамгершілік, еңбек.*

#### Аннотация

*В данной статье рассматривается вклад И.Алтынсарина в казахскую детскую литературу и основы воспитания нравственных, эстетических трудовых навыков в формировании личности будущего поколения.*

*Ключевые слова: детская литература, воспитание, образование, нравственность, труд.*

#### Abstract

*This article discusses the contribution of I.Altynsarin to the Kazakh children's literature and the basics of educating moral, aesthetic labor skills in shaping the personality of the future generation.*

*Key words: children's literature, upbringing, education, morality, work.*

Қазақ елі Ыбырай Алтынсаринді қазақ педагогикасының негізін салушы, прозаик және ақын деп қана білмей, қазақ балалар әдебиетінің атасы, негізін қалаушы деп те таниды. Ұлы педагог – қазақ балаларын, жалпы қазақ ұрпағын сауатты әрі білімді болуын қалаған ұстаз. Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақты ұлы педагогына айналды. Қазақ балалар әдебиетінің атасына айналған алғашқы ұстазымыз өз туған халқын ерекше сүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Сондықтан халық ағарту ісін айрықша шабытпен жүргізді. 1883 жылы Торғай облысының әскери губернаторына жолдаған баяндамасында ол: «Қазақтарға – осы дарынды, ақыл – есі мол халыққа – кешікпей рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен де аса қажет болып отыр», – деп жазды. Бұл жолға жету үшін атамыз көп қиыншылықтар да кездестірді. Ел ішіндегі ескішілдік, парақорлық пен өсек – аяң оның жанын күйзелтті. «Заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі бар жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе беру керек» – деп санады.

Сонымен Ыбырай өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының жаңа буынын тәрбиелеп, олардың озық мәдениетті елдерден үлгі ала отырып, білімді де саналы азамат болып жетілуіне



айтарлықтай үлкен үлес қосты. Ыбырайдың бұл тарихи қызметі кезінде өзінің замандас достары Н.И. Ильминскийдің, А.А.Мазохиннің, Ф.Д.Соколовтың, А.В.Васильевтың, А.Е.Алекторовтың, Ғ.Балғымбаевтың естеліктерінде жылы ілтипатпен аталып жоғары бағаланды. Алайда ұлы ағартушының сан қырлы педагогикалық, ғылыми зерттеулері, сондай – ақ өлеңдері мен прозасы, аудармалары біздің заманымызда ғана терең зерттеліп, өзінің тиісті, әрі байсалды бағасын алды. Ұлы ғалым – педагог Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» және «Таза бұлақ» деген оқу – әдістемелік еңбектері қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында аса зор оқиға болып бағаланады. Және болашақ ұрпақтың ақыл – ойы мен жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік, эстетикалық еңбек дағдылары мен қасиетін тәрбиелеудің негізі болып есептеледі.

Ыбырай балалар әдебиетіне арнап, жас өспірімдерді тәрбиелеу жолында көп шығармалар жазды. Бұл шығармаларды жазуда алдына үлкен мақсаттар қойды. Ол өз сөзінде: «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» – дейді. [1, б. 225–230] Оған мынандай шығармаларды дәлел бола алады. Мысалы: «Бұл кім?», «Әй, достарым!», «Әй, жігіттер!», «Ананың сүюі» өлеңдері, «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Алтын шекілдеуік», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға», «Әдеп», «Тәкаппарлық», «Байұлы» әңгімелері ұлы жазушының барлық өлеңдері мен әңгімелерінің мазмұнында негізінен өзі айтқан осы идея баяндалады. *Мысалы:* «Бақша ағаштары» әңгімесі, баласының сұрағына жауап берген төренің сөзін алайық: «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, сен жас ағашсың саған да күтім керек; мен сенің қате істерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің». Бұл әңгіме арқылы біз оқушыларды үлкенді тыңдау, оларды құрметтеуге тәрбиелей аламыз. Ал, «Асыл шөп» әңгімесінде Злиха мен Бәтиманы мысалға ала отырып оқушыларды сабырлыққа, шыдамдылыққа шақырамыз.

Ыбырайдың балаларға арналған хрестоматиясындағы өзі жазған әр алуан қысқа сюжетті әңгімелерінде өмірдің сан түрлі қырларын ашуды мақсат етеді. Осы биік талаптарға сәйкес жас буынның қабылдау және жас ерекшеліктерін ескере келіп, әрі қысқа, әрі нұсқа көркем әңгімелер жазды. Атап айтатын болсақ, *мысалы:* «Бір уыс мақта», «Аурудан аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», «Таза бұлақ», «Әділдік», «Жан – жануарлар айтысы», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл». *Мысалы:* «Әдебиеттік оқу» 3–сынып оқулығынан «Таза бұлақ» әңгімесін алсақ: *Бұлақтың қайнап жатқан көзіне жақын қазандай бір тасты қойыпты да, тасқа: «Ей жолаушы, болсаң осы таза бұлақтай бол!»* – деп жазыпты.

– Осы жазуды сен қалай түсінесің?

– «Сен қай жолаушының пікірімен келісер едің?» – деген сұрақтар қою арқылы оқушылардың ойлау, өз пікірін білдіре алу қабілеттерін дамыта аламыз. [2, б. 85–87]

Ұлы жазушының төл туындылары мен аудармалары да жеңіл де қарапайым сипаттарымен дараланады. Бұған сондағы кезектесу сөздерінің (диалог) жиі қолданылуы да көп септігін тигізген. Бұған бастан – аяқ сұрақ – жауап түрінде берілген «Шеше мен бала» атты әңгіме айқын дәлел. Тентек баланың қолындағы құсты құтқару үшін қолындағы барлық ақшасын жұмсаған баланы шешесі ұрыспай, қайта қайырымдылығы үшін оған алғыс айтады. Жазушы осындай кішігірім оқиғаны тартымды етіп берумен қатар, оған лайықты үлкен міндет арта білген. [3, б. 159] Ыбырай Алтынсарин өзінің ой – пікірлерін балаға тартымды етіп жеткізу үшін күрделі салыстыруларға бара бермейді. Қайта қарапайым да көркем баяндауларға зер салып, оның бала санасына қонымды болу жағына ерекше мән береді. Автор тиісті жерде қанатты тіркестер мен мақал – мәтелдерді де ұтымдылықпен пайдаланып отырады. Кейде жазушы өз жанынан үлгі – насихаттық өнегелік жолдар қосып, айтылар ойды ұштап әрлеп отырады. *Мәселен,* «Әке мен бала» әңгімесінде: «Аз жұмысты қиынсынсаң, көптен де құр қаларсың» секілді ғибратты жолдарға үлкен жүк артса, кейде пікірдің қарапайым, түсініктілігіне де ден қояды («Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, айдай әлемге патша болды» – «Сәтемір хан»).

Келешек ұрпақ жас жеткіншектерді тәрбиелеуде ұлы ағартушы ананың рөліне ерекше маңыз беріп, оның аналық махаббатын, бала өсірудегі үздік қызметін тамаша суреттеген. Баланың алғашқы тәрбиесі ананың қолында болатынын айтқан. Өйткені бала ананың бауыр еті, соғып тұрған жүрегі деп бағалаған:

«Бала, бала, бала деп,  
Түнде шошып оянған.  
Түн ұйқысын төрт бөліп,  
Түнде бесік таянған».

Бала тәрбиелеуде бұл ана еңбегін қадірлей білген үздік баға деуге болады. Балаға осындай өлеңдерді оқып берсе, ана қадірінің теңдесі жоқ қымбат та қадірлі екенін сонда ғана сезіне бастар еді. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген сияқты ана еңбегін қадірмелеу, сыйламау, кейде тыңдамау болмас та еді. [3, б. 72] Ана жүрегі, ананың аялы алақаны қашан да құдіретті екенін

естен қалғысыздай етіп жадында сақтауға міндеттейді. Әдебиет адам тану құралы дейміз ғой, Ыбырай Алтынсарин ана құдыретін, ана образын жас өспірімдерге әдебиет арқылы танытып отыр.

Алтынсариннің «Жаз», «Өзен» деген өлеңдерінде өлкетану, айналадағы табиғат құбылысына құрметпен зер салуға бағытталған тәрбиелік орны бар, баланы әралуан іске баулитын шығарма болып табылады. Табиғаттың осындай мінсіз сұлулығын адам ғана түсіне алады. Шығармашылық шабыттың қайнар көзі де теңдесі жоқ бір сұлулықтан, оның ерекше эстетикалық әсерінен табылмақ. *Мысалы:* Әдебиеттік оқу 3–сынып 2–бөлім оқулығында, «Су – тіршілік көзі» деген тарауда «Өзеннің пайдасы» деген тақырыпта Ы.Алтынсариннің «Өзен» деген өлеңі берілген:

«Таулардан өзен ағар сарқыраған,  
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.  
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта  
Аралап тау мен тасы арқыраған», –

деп, Ыбырай өзенді оның көріністері үшін ғана тектен – тек суреттеп отырған жоқ. Өсемдік сезімі көкірегіне ұялаған, жақсылыққа жаны құмар, эстетикалық талғамы жетілген, әрбір адам табиғатты осылай қызықтайды. Адамның тіршілік тірегіне, шаруашылық экономикасына байланысты ондағы әржақты пайдалы белгілерін көрсетіп отыр. Бұл өлеңді оқыған азамат, әсіресе, жас өспірімдер жаратылыстың осындай байлықтарының көзін тауып, өзінің қажетіне жұмсай білсін, пайдасына асырсын, жайдан – жай ағып жатқан пайдасыз өзен екен ғой деп қарамасын дегенді үйретеді. Сонымен қатар, адамның қандай қажеттерін өтейтінін де саусақпен санағандай етіп, даралап көрсете білген.

Ыбырай шығармашылығының тағы да көтеретін күрделі мәселесі – үздіксіз еңбек үрдісі. «Дүние қалай етсең табылады», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Таза бұлақ» деген әңгімелері еңбектенсең ғана ойлаған мақсатына жетесің деген ойды жан – жақты дәлелдейді.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде атасы он жасар баласын жетектеп келе жатып, ұшқан құс, жүрген аңдар тіршілігімен таныстырады, жұмыссыз жүрген бір жан жоқ екенін айтады. Бәрі де тіршілік тірегі – өмір қамын жасауда.

*Мысалы:* «Сәтемір хан» әңгімесінде жеті жасында жетім қалған Сәтемір деген бала ақсақ шегірткенің үйдің төбесіне шығу үшін қаншама әрекет жасағанын көріп, өзінің жұмыссыз босқа ойнап жүргенін ақылсыз деп табады. Артынша қалаға келіп, біреудің қолында жалшылық ете жүріп оқиды. Ақырында ірі оқымысты болып шыға келеді. Адамның барлық қабілетімен іскерлігі, таланты мен талабы тек еңбек арқылы ғана көрінетінін айтады.

Ыбырай әңгімелерінің қайсысын алсаңыз да оқушысын нақты сендіретін, соған қызықтыратын шынайы көрнекілік бар. Еңбек процесі тақырыбына жазылған Ыбырай әңгімелері бірінен – бірі аса отырып, бірін – бірі қайталамайды, әр қайсысының өзіндік қызықты, тәрбиелік күшті жақтары бар. Мұны оқыған бала әрқашан пайдалы, өнегелі істерге үйренді, өнегесіз істерден жирене түседі. «Бай мен жарлы баласы» әңгімесінде жастайынан шаруаға араласқан, еңбек еткен, жас болса да өмір тәжірибесін көп көрген кедей баласы Үсен көбіне тәжірибеге сүйеніп, ақыл – парасатқа салып, көшкен елдің жаңа қонысын тауып алады. Бұл әңгімеде де екі нәрсені бір – біріне қарама – қарсы қойып, салыстыра суреттеу тәсілі бар. Балалар мен жас өспірімдерді өнер – білімге шақыру, отырықшылық тұрмыстың, жер кәсібімен айналысудың пайдалы жақтарын түсіндіру, оларға еңбек етудің артықшылығын ұғындырумен қатар, Ыбырай шығармашылығының көтеретін тағы бір мәселесі – ұқыптылыққа, мейірімділікке, әдептілікке үйрету. Осы идеяның бәрі де баланы оқыту, үйрету, тәрбиелеу процесі арқылы іске асатынын ұлы педагог дұрыс түсінген, дұрыс шешкен. [4, б. 47]

Қорыта келе, ұлы жазушымыздың балаларға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мақсат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды. Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс – әрекеттермен байланыстырып отырады. Себебі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің зейіні тұрақты болмағандықтан, бүлдіршіндерді қызықтырып, назарын аударту педагогтің ең басты міндеттерінің бірі екенін білген қазақ елінің дарынды перзенті әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұнды, тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілгендігін атап көрсеткен. Осы әңгімелерді мұғалімдер мен ата – аналар балаларды ұқыптылық пен сабырлыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу мақсатында оқу үрдісінде, сынып сағаттарында, таңдаулы сабақтарда пайдалануға болады. Ұлы ағартушымыз артына қалдырған асыл мұрасы сан мыңдаған ғасырлар өтсе де, өз маңызын жойған емес. Жас өспірімдерді өскелең мәдениетке жетелейтіндей өмір оқулығы, отаны үшін алысқан күрес құралы болуы тиіс.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы Алматы, «Ана тілі», 1992 ж., 448 б.
2. Қабатай Б.Т. Әдебиеттік оқу. 2–бөлім. Алматы: Оқулық, 2017. 144 б.
3. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. Алматы «Ғылым», 1994. 289 б.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. 2–кітап. Павлодар: Арман, 2004 ж.